

Қоғамдық тыңдаулардың хаттамасы
«ГМК Васильевское» ЖШС Боко-Васильев кен орнындағы сульфидті кендерді өндіру
бойынша тау-кен жұмыстары жоспарына» ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша.

1. Аумағында қызметі жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін көрсетілетін
әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың,
астананың) жергілікті атқарушы органының атауы: «Абай облысы Жарма ауданы Ақжал
ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.

2. Қоғамдық тыңдау мәні: Боко-Васильев кен орнындағы сульфидті кендерді өндіру
бойынша тау-кен жұмыстары жоспарына» ықтимал әсерлер туралы есеп «ГМК
Васильевское»

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдар жіберілген қоршаған ортаны қорғау
саласындағы уәкілетті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар
қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының атауы: ҚР ЭГТРМ «Қоршаған
ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК, «Абай облысының
табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасқан жері: Абай облысы Жарма ауданы Ақжал
ауылдық округі Жанаозен ауылы, географиялық координаттары: 49° 06' 28.5629" N
(СШ), 81° 33' 14.0970" E (ВД); 49° 06' 30.0168" N (СШ), 81° 33' 14.1790" E (ВД); 49° 06'
31.22" N (СШ), 81° 33' 49.23" E (ВД); 49° 06' 38.26" N (СШ), 81° 33' 52.26" E (ВД); 49° 06'
38.02" N (СШ), 81° 33' 1.86" E (ВД); 49° 06' 17.98" N (СШ), 81° 33' 57.00" E (ВД); 49° 06'
17.1798" N (СШ), 81° 33' 31.0978" E (ВД).

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне ұшыраған барлық әкімшілік-аумақтық
бірліктердің атауы: Абай облысы Жарма ауданы Ақжал ауылдық округі Жанаозен,
Ақжал, Боке ауылы.

6. Көзделіп отырған қызметтің бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері:
«ГМК Васильевское» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бостандық ауданы,
Әл-Фараби даңғылы, 13 үй, 1В ғимарат, 6 қабат, 605-606 кеңсе, тел: 8 (7273) 550 580, E-
mail: administrator@datamining.kz, БСН 141040025888.

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді жасаушылардың немесе стратегиялық экологиялық
бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың
немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің
деректемелері мен байланыс деректері: «Legal Ecology Concept» ЖШС, Өскемен қ.,
070002, Трудовая к-сі, №9 үй, БСН: 211040029201, тел: 87774149010.

8. Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты, орны (қоғамдық тыңдаулардың ашық
жиналысының күні (-дері) және уақыты): 2024 жылғы 02 тамыз, қатысушыларды тіркеу
– 10:30, қоғамдық тыңдаулардың басталуы-11:00, қоғамдық тыңдаулар Абай облысы,
Жарма ауданы, Ақжал ауылдық округі, Жаңаөзен ауылы, Ер Жәнібек көшесі 8, "Ақжал
ауылдық округі әкімінің аппараты ММ" мекенжайы бойынша офлайн режимінде
өткізілді, және Zoot платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимдерінде
өткізілді;

<https://us04web.zoom.us/j/73395492652?pwd=mu0pbUFT2IPvLaJEbaLRIEKaGocgN.1>

Конференция идентификаторы: 733 9549 2652 Кіру коды: qP1CU6

9. Көзделіп отырған қызмет бастамашысынан сұрау салу хатының көшірмесі және әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы жауап хатының көшірмесі: Сұрау салу хатының және жауап хатының көшірмелері осы қоғамдық тыңдау хаттамасына 1-қосымшада берілген.

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі. Қатысушылардың тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына 2-қосымшада ұсынылған.

11. Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылады:

1) бірыңғай экологиялық порталда: <https://ecoportal.kz>, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімі;

2) жергілікті атқарушы органның (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында: <https://www.gov.kz/memleket/entities>, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде;

3) бұқаралық ақпарат құралдарында: «Калба Таныс» газеті 2024 жылғы 21 маусымғы №25 (9335); «Телеканал ALTAI» 2024 жылғы 20 маусым.

Газеттің электрондық нұсқасы және эфирлік анықтама осы қоғамдық тыңдау хаттамасына 3- қосымшада ұсынылған.

4) әкімшілік - аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдарының хабарландыру тақталарында: мәтіндік хабарландыруды ақпараттық тақтаға орналастыру. Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдау хаттамасына 4-қосымшада ұсынылған.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы болып Жумашева Б. тағайындалады.

«Қолдау» дауыс берді -12 қатысушы, «қарсы» - 0, «қалыс қалды» - 0.

Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы болып Бекмолдин О.М.

«Абай облысы Жарма ауданы Ақжал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

«Қолдау» дауыс берді -12 қатысушы, «қарсы» - 0, «қалыс қалды» - 0.

1 Жоба материалдарын баяндама нысанында қарау. Ұсынылған регламент - 10 мин.

2. Сұрақ-жауап. Барлық тілек білдірушілер баяндамашыға сұрақтар қойып, жоба бойынша өз пікірлерін айта алады. Ұсынылатын регламент-10 мин.

3. Қоғамдық тыңдауларды қорытындылау және жабу. Ұсынылған регламент - 5 мин. «Қолдау» дауыс берді - 12 қатысушы. Регламент бірауыздан қабылданды. Қоғамдық тыңдаулар өткізілді деп танылды.

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер: Калиаскарова Д. «Васильевское ГМК» ЖШС Бок-Васильев кен орнындағы сульфидті кендерді өндіру бойынша тау-кен жоспарына» ықтимал әсерлер туралы есеп туралы есеп.

14. Қоғамдық тыңдауларды өткізуге дейін және өткізу кезінде алынған ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі:

№ р/н	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы)	Ескерту (алынған ескерту немесе ұсыныс)
1.	Сұрақтар түскен жоқ		

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың қаралатын құжаттар мен тыңдалған баяндамалардың сапасы туралы оларды түсінудің толықтығы мен қолжетімділігі тұрғысынан пікірлері, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: «ГМК Васильевское» ЖШС Боко-Василев кен орнындағы сульфидті кендерді өндіру бойынша тау-кен жұмыстары жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша жасалған түсініктемелер
Дауыс беру әдісімен қоғамдық тыңдаулардың қорытындысын шығару: «Қолдау»- 12
«Қарсы»- , «Қалыс қалу»-

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

Бекмолдин О.М
Бекмолдин О.М 02.08.2024ж.

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы:

Жумашева Б
Жумашева Б 02.08.2024ж.

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 24332610001, Дата: 26/06/2024

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Проведение оценки воздействия на окружающую среду (в том числе сопровождаемой оценкой трансграничных воздействий)

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории:

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания: <https://us04web.zoom.us/j/73395492652?pwd=mu0pbUFlT2lPvLaJEbaLRIEKaGocG.1> Идентификатор конференции: 733 9549 2652, код доступа: qPtCU6.

Предмет общественных слушаний: Отчет о возможных воздействиях к Плану горных работ по добыче сульфидных руд Бок-

Васильевского рудного поля

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: область Абай, Жарминский район, Акжальский с.о., село Жанаозен, ул. Ер Жәнібек 8, в здании «ГУ Аппарат Акіма Акжальского сельского округа», 02/08/2024 11:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

Газета областного значения ; Телеканал "Алтай"

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

Доска объявлений Акимата

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "ГОРНО-МЕТАЛЛУРГИЧЕСКАЯ КОМПАНИЯ "ВАСИЛЬЕВСКОЕ" (БИН: 141040025888), 8-777-41-49010, administrator@datamining.kz, administrator@datamining.kz

Представитель: Рыльская О

Составитель отчета о возможных воздействиях : ТОО «Legal Ecology Concept»,

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов
административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных
слушаний**

исходящий номер: 24332610001, Дата: 27/06/2024

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №24332610001, от 26/06/2024 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Отчет о возможных воздействиях к Плану горных работ по добыче сульфидных руд Боко-Васильевского рудного поля, в предлагаемую Вами 02/08/2024 11:00, область Абай, Жарминский район, Акжальский с.о., село Жанаозен, ул. Ер Жәнібек 8, в здании «ГУ Аппарат Акіма Акжальского сельского округа» (дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ "ГОРНО-МЕТАЛЛУРГИЧЕСКАЯ КОМПАНИЯ
"ВАСИЛЬЕВСКОЕ" (БИН: 141040025888), 8-777-41-49010, administrator@datamining.kz, administrator@datamining.kz



Представитель: Рыльская О

Составитель отчета о возможных воздействиях: ТОО «Legal Ecology Concept»,

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

2024 жылғы 02 тамызда Ақжал, Бөке, Жанаөзен ауылдарынан «Васильевское МК» ЖШС Боко-Васильев кен орнындағы сульфидті кен орындарын өндіру бойынша тау-кен өндіру жоспарына» ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы.

Регистрационный лист участников общественных слушаний 02.08.2024 года от сел Ақжал, Бөке, Жанаөзен по Отчету о возможных воздействиях к «Плану горных работ по добыче сульфидных руд Боко-Васильевского рудного поля ТОО «ГМК «Васильевское»

№ п/п	Қатысушының аты жөні/ участников	ФИО	Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы)/Категор ия участника (представитель заинтересованной общественности, общественности государственного органа, Инициатора)	Байланыс телефон нөмірі/Контактный номер телефона	Қатысу форматы (жеке немесе конференц - байланыс арқылы)/Форма т.участия (очно или по средством конференцсвязи)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда) Подпись в случае участия на открытом собрании
1	2	3	4	5	6	
1.	Мамеев С. Р.	Жолау представителя	877726575585	Очно		
2.	Тисовцев М. И.	с. Бөке	87767507075	Очно		
3	Бекенгуров Р. И.	с. Бөке.	87014388387	Очно		
4	Кеделбаев С. С.	Ақжал	87023384959	Очно		

[illegible]



РЕФОРМАНЫҢ ҮШТАҒАНЫ:

ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

Барша қауымға белгілі, жалпы жұртқа жария бір ақиқат бар. Еліміз кейінгі бес жылдың бедерінде мүлде өзгеріп, билік құрылымынан бастап қоғамдық-саяси санаға дейін түбегейлі жаңғырып жатыр. Бұл жаңғыру батыл қадамдарға, байыпты шешімдерге табан тірейтіні сөзсіз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы болған сол саяси бағдар жөнінде тарқатып айтқан жөн болар.

Әділеттілік – қоғамның жаңа қағидасы
Мемлекет – аса күрделі құрылым. Оны реформалау және қандай да бір өзгеріске әкелу – қиынның қиыны. Мұны жүзеге асыру үшін халықты ұйыстыратын алып идея қажет екені айтпаса да белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев билікке келген тұста қоғамның мұндай идеяға деген сұранысы аса жоғары еді. Президент ұсынған «Әділдік» феноменінің бірден ел идеологиясының тұтқасына айналуы – осының айғағы.

«Әділдік» ұғымы ұлттық реформалардың басты ұранына айналды. Бұл ұстаным ауқымды өзгерістердің үштағаны саналатын саяси, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық сана реформасының өзегі ретінде берік бекіді. Сонымен қатар бұл өзгерістерді нақты идеяны арқау еткен, түпкі мұраты айқындалған байыпты бастама ретінде қабылдаған абзал.

Саяси институттар трансформациясы
Қасым-Жомарт Кемелұлы Президент лауазымын қолға алғаннан бері іске асқан саяси реформалардың түпкі мазмұны елдегі демократия институттарын дамытуды көздейді. Бұл – саяси жүйені жаңғыртуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға негіз болды.



Саяси реформалар туралы сөз қозғағанда Конституцияны өзгертуге бағытталған жалпыұлттық референдум туралы атап өту – заңдылық. Бұл ретте Президенттің өзгерісті әркім өзінен бастауы керек деген ұстанымы жалпыға бірдей үлгі болғаны анық. 2022 жылы енгізілген Конституциялық өзгерістердің басты жаңалығы – Президенттің өкілеттігін бір мерзіммен шектеу туралы шешім. Бұл «Әділдік» феноменінің нақты орындалғанын көрсетті.

Сондай-ақ референдум аясында Парламенттің рөлін күшейту және құқық қорғау органдарының қызметін жақсартуға бағытталған шаралар қолға алынды. Бұл реформалар саяси жүйенің тұрақтылығы мен тиімділігін арттыруға және халықтың билікке деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді. Билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етіп, демократиялық институттардың нығаюына ықпал етеді. Мемлекет басшысының саяси реформаларының тағы бір тармағы саяси партияларды тіркеуді жеңілдету болды. Бұл өзгеріс саяси аренада жаңа партиялардың пайда болуын жеңілдетіп, саяси әраландыққа жол ашты.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі де айтарлықтай өзгеріске бет алды. 2021 жылы алғаш рет ауыл әкімдері тікелей сайлау арқылы сайлана бастағанын білесіздер. Бұл қадам

2

ҚҰРМЕТТІ ПОЛИЦИЯ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН
АРДАҒЕРЛЕРІ!

Сіздерді Қазақстан полициясы күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Тәуелсіз еліміздің басты игілігі – ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді сақтауда тәртіп сақшыларына үлкен жауапкершілік жүктеледі. Осыған орай, заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ететін ішкі істер органдарының жұмысына мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлініп келеді. Полиция құрылымдарының материалдық-техникалық базасы елеулі жақсарды, автомобильдер паркі жаңартылып, арнаулы жасақтардың техникалық жарақтандырылуы жалғасуда.

Тұрғындармен, жергілікті органдармен және ақпарат құралдарымен белсенді өзара әрекеттестік полиция қызметінің ашықтығын арттыруда. Ауқымды профилактикалық жұмыстар жасағымсыз тенденциялардың алдын алу мен жоюға мүмкіндік береді.

Көп жылдар салада адал қызмет еткен, қиын да қастерлі істе құрметке бөленген полиция ардагерлеріне және бүгінгі таңда саптағы қызметкерлерге азаматтар мен қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі қажырлы қызметтері үшін алғыс білдіреміз.

Тыныштық күзетіндегі табанды еңбектеріңізге сәттілік, дендеріңізге саулық, мол қажыр-қайрат тілейміз!

Р.Нұрғалиев,
Жарма ауданы әкімінің
міндетін атқарушы
М.Оспанбаев, Жарма
аудандық мәслихатының төрағасы.

ҚҰРМЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗМЕТШІЛЕР ЖӘНЕ САЛА
АРДАҒЕРЛЕРІ!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Мемлекеттік қызметшілер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Мемлекеттік қызметші – мемлекеттің айнасы. Оның басты міндеті – аянбай еңек етіп, халық мүддесін қорғау.

Әрбір өркениеттің өріне қадам бастаған мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға апарушы мемлекеттік қызметші екені белгілі. Сондықтан да ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметші болу – мәртебелі іс.

Билікке деген сенім – мемлекеттік қызметшіден басталады. Еліміздің қарқынды дамуы сіздердің білікті білімдеріңізге, мол тәжірибелеріңізге, ұмтылыстар мен жігерлеріңізге тікелей байланысты.

Тұрғындардың әл-ауқатын арттыру және олардың болашағын жақсартуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуы үшін жауапкершілік мемлекеттік қызметшілерге артылады. Бұл міндеттерді орындау мемлекеттік қызметшілерден кәсібилікпен қатар, жан-жақты білімді, жауапкершілігі мол маман болуын талап етеді.

Өз қызметтерін адал да абыроймен атқарып жүрген мемлекеттік қызметшілерге, осы саланың ардагерлеріне шынайы алғыс білдіреміз.

Ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге табыс, барлық бастамаларыңызға сәттілік тілейміз!

Р.Нұрғалиев, Жарма ауданы
әкімінің міндетін атқарушы
М.Оспанбаев, Жарма аудандық
мәслихатының төрағасы.

АРДАҒЕР ДӘРІГЕРЛЕРГЕ
ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Өткен аптада Медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай медицина саласының ардагерлерін “AMANAT” партиясы Жарма аудандық филиалының төрағасы М.Оспанбаев және атқарушы хатшысы Жанна Садыкова, Шар қалалық ауруханасының бас дәрігері Айбек Бағдәулетұлы және аудандық мәслихаттың депутаттары құттықтап, құрмет көрсетті. “AMANAT” партиясы Абай облыстық филиалының төрағасы Қуаныш Сүлейменовтың алғыс хаттарын табыстап, ұзақ жыл ауданның медицина саласында еселі еңбектің үлгісін көрсеткен ақ халатты абзал жандарға игі тілектерін білдірді.

Өз кезегінде аудандық мәслихаттың төрағасы Мейірхан Оспанбаев өңірдің денсаулық саласының ардагерлері қандай құрметке де лайық екенін, аға буын өкілдерінің зор еңбегі тәжірибеге толы өнегелі өмірі жастарға әрқашан үлгі екенін айтып өтті.

К.Шынбат.



kalba_tynysy



kalba_tynysy



@rv_media2@mail.ru



8-723-47-6-26-99

РЕФОРМАНЫҢ ҮШТАҒАНЫ:

ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ

1

жергілікті мәселелерді тиімді шешуге және азаматтардың өз өңірлеріндегі басқару үдерісіне белсенді араласуына мүмкіндік береді.

Саяси трансформацияның тағы бір маңызды бөлігі – Парламенттің рөлін күшейту туралы шешім. Парламенттің атқарушы билікті бақылау функцияларын күшейту арқылы заңнамалық органның ықпалы артты деуге толық негіз бар.

Президент ұсынған саяси реформалардың бір жаңалығы – адам құқықтарын қорғауға бағытталған шаралар. Мемлекет басшысы адам құқықтарын қорғау механизмдерін жетілдіретін және азаматтық қоғамды дамыта түсетін қолдау шараларын енгізді. Конституциялық сот қайта қалпына келтірілді. Заңдылықты қадағалайтын прокуратура мен Адам құқығы жөніндегі уәкіл конституциялық мәртебеге ие болды. Бұл қадамдар халықаралық стандарттарға сай келетін құқықтық жүйені қалыптастырды.

Аталған реформалар елдің саяси жүйесін жаңғыртуға, қоғамның саяси өміріне белсенді қатысуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті сақтауға жол ашты. Түптеп келгенде, бұл ауқымды шаралар Әділетті Қазақстанның нықтап орнығуына мүмкіндік берді.

Әлеуметтік-экономикалық реформалар

Қасым-Жомарт Тоқаев елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында да ауқымды реформалар жүргізіп келеді. Бұл – қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға, экономикалық өсімді қамтамасыз етуге және халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға бағытталған.

Президент Тоқаевтың бастамасымен Конституцияға концептуалды өзгеріс енгізілді. Яғни жер мен оның қойнауындағы

байлық халықтың меншігі ретінде айқындалды. Бұл қағида әлеуметтік саясаттың тірегіне айналды.

Нақты дәлел: «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы іске қосылды. Бағдарлама арқылы еліміздегі әр балаға Ұлттық қордан қаражат бөліне бастады. Бұл шараның түпкі мақсаты – әлеуметтік теңсіздікті азайтып, балалардың өмір сүру жағдайын жақсарту. Бағдарлама өскелең ұрпаққа инвестиция салып, олардың білім алуына, денсаулығын жақсартуға және өмір сүру деңгейін арттыруға мүмкіндік беруге тиіс.

Шағын және орта бизнесті қолдау жұмыстары да артты. Бизнесі тексеруге үш жылға дейін мораторий жарияланды. Заңсыз алынған активтерді елге қайтарып, экономикалық айналымға түсіре бастады. Еліміздің логистикалық мүмкіндіктерін молайту арқылы табыс түсімін арттыруға жол берілуде. Алдағы уақытта Қазақстанды логистикалық хабқа айналдыру жөнінде ауқымды міндеттер қойылды. Соған сәйкес инфрақұрылымды дамытудан бастап, қалыптасқан жүйені цифрландыру жұмысын қарқынды жалғастыруға айрықша мән беріліп отыр.

Президент индустрияландыру және инновацияларды дамытуға үлкен мән береді. Осы бағытта экономиканың әртараптандырылуы және жаңа технологияларды енгізу мемлекеттің маңызды міндеттеріне айналды. Индустриялық-инновациялық даму бағдарламалары арқылы өндіріс орындарын құру, ғылыми зерттеулерді қолдау және жоғары технологиялық салаларды дамыту көзделіп отыр. Цифрландыру саясатын жаңғыртып, бұл бағыттағы жетістіктерімізді еселеуге жаңа мүмкіндіктер жасалып келеді.

Бұрын назар аударылмаған энергетикалық, инженерлік жүйені түбегейлі жаңарту бастамасы қолға алынды. Ұлттық қауіпсіздік, халықтың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін бұл сала ондаған

жыл бойы қараусыз қалып келгені ешкімге жасырын емес. Мемлекет басшысы бұл олқылықтар түзелмей тұрмыс түзелмейтінін жақсы біледі және білгендіктен нақты шешімдер қабылдап келеді.

Әлеуметтік серіктестік қағидаттары да – ерекше тоқталуды қажет ететін тақырып. Еліміз еңбек қатынастарын реттеу, жұмысшылардың құқықтарын қорғау және еңбек жағдайларын жақсарту мәселелерін айтарлықтай күшейтті. Әлеуметтік серіктестік аясында жұмыс берушілер мен жұмысшылар арасындағы диалогті нығайту, еңбек құқықтарын қорғау және өндірістік дауларды шешу тетіктерін жетілдіру маңызды орын алады.

Әлеуметтік саланың әуелгі тірегі саналатын денсаулық сақтау және білім жүйесі де түбегейлі реформаға ұшырады. Аталған сала мамандарының жалақысын екі есеге дейін ұлғайту туралы шешім қабылданды. Бұл білікті мамандардың салаға келуіне жаңаша серпін бергені сөзсіз. «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданды. Ғылымның дамуына айтарлықтай көңіл бөлініп келеді. Ұлттық ғылым академиясы өзінің тарихи тұғырына қайта қонды.

Алдағы уақытта жоғарыда біз атап өткен әділеттілікке негізделген әлеуметтік және экономикалық саясат қағидасы – еліміздің қуатының, халқымыздың әл-ауқатының негізгі сенімді күші болып қалатыны даусыз.

Қоғамдық сананың серпілісі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың күллі реформасының өзегінде «Заң мен Тәртіп» ұстанымы тұр. Шын мәнінде «Әділдік» феномені осы екі түсінік үстемдік құрмай тамыр жая алмасы анық.

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның «Заң адам үшін жазылады. Адам заң үшін тұмайды» деген сөзі бар. Еліміз қабылдаған қабырғалы құжаттар ең әуелі аза-

маттарымыз, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, оларды кертартпа қоғамдық кеселдерден сақтау үшін жазылған.

Бұл ретте елімізде синтетикалық есірткі саудасын, құмар ойын жарнама-сын, тұрмыстық зорлық-зомбылықты, браконьерлікті ауыздықтайтын бірқатар заң қабылданды.

Мұның бәрі Әділетті Қазақстанды тұғырына шығарып, нық орнатуға бағытталған қадамдар. Түбегейлі реформалар өз миссиясын орындады. Бірақ реформаларды жүзеге асыру – бір бөлек, оны орнықтыру – бір бөлек дүние. Бұл үшін қоғамдық сана да жаңғыруға тиіс.

Президентіміз ұлттың жаңа сапасын қалыптастыратын жаңа құндылықтар тізімін, яғни «Адал азаматтың» бейнесін айқын көрсетті. Бұл не үшін қажет? Қоғамдық ұстанымдар мен қолдау негізінде оң бағыттағы реформалардың іске асуы және берік орнығуы үшін қажет. Себебі адал азамат – ескі жүйеге оралмаудың кепілі, әділеттілік құндылықтарының қорғаны.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың көшбасшылығымен еліміз бес жылды еңсерді. Бұл ұзақ жылдар бойы сірескен саяси жүйені серпілткен бес жыл болды. Қордаланған әлеуметтік мәселелердің түйінін шешкен бес жыл болды. Экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету үшін батыл ұмтылыс жасаған бес жыл болды. Ең бастысы, қоғам жылдар бойы күткен әділеттілікті төрге оздырған бес жыл болды. Бұл бес жыл алдағы жетістіктеріміздің жолашарына айналатыны анық.

Берік УӘЛИ,

Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі
Президенттің Баспасөз хатшысы.

ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫ МАМАНДАРЫНЫҢ МЕРЕКЕСІ



Жалпы ел ішінде дәрігер мамандығы – ең асыл да мәнді мамандықтардың бірі екенін жиі айтамыз. Адам жанына арша болатын ақ халатты абзал жандар әрбір науқастың дертін жазып, әр адамның өмір сүру сапасын жақсартуға, ұлт денсаулығын сақтауға үлес қосатын осы сала мамандары.

Өткен аптада ауданның медицина саласы мамандарының кәсіби мерекесіне орай Жастар үйінде салтанатты жиын өтті. Аудан әкімінің міндетін атқарушы Сәкен Сәтпеков, «AMANAT» партиясы Жарма аудандық филиалының төрағасы Мейірхан Оспанбаев, денсаулық саласының ардагері Заманбек Естемисов шараға жиналған мереке иелерін құттықтап, игі тілектерін білдірді.

Қазіргі күні елдегі ақхалатты жандардың біліктілігін медицинасы дамыған елдердің мамандарының қабілетімен теңестіруге әбден болады. Себебі күн өткен сайын алдына көмек сұрап келген адамның сырқатын жазып, емдеп жіберетін дәрігерлердің саны артып келеді. Жарма аудандық аурухана басшысы Ерік Исабеков, Шар қалалық аурухана басшысы Айбек Бағдәулетұлы басшылық ететін аурухана қызметкерлері де бүгінде өңір тұрғындарына күн-түн демей қызмет көрсетіп келеді. Еселі еңбектеріңізбен елдің алғысына бөлене берейсіздер, – деп, құттықтаумен бөліске аудан әкімінің міндетін атқарушы Сәкен Әлмұхамбетұлы бірқатар ақ халатты абзал жандарды марапаттады.

Олардың қатарында Қазақстан Республикасы Денсау-

лық сақтау министрлінің Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төс белгісімен Жарма аудандық ауруханасының жұқпалы аурулар бөлімінің медбикесі -Нуриханова Райса Капарқызы мен Тулеуқенова Сайрангүл Мубаракқызына табыс етілді. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Алғыс хатымен Жарма аудандық ауруханасының емхана бөлімінің медбикесі - Крыкбаева Бейсенгүл марапатталды. Шар қалалық ауруханасының дәрігерлері - Ережепова Альмира Рысқалиқызы – « Денсаулық сақтау ісінің үздігі» атанды. Қожақметова Меруерт Пайзулдақызы - «Қазақстан денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» марапаты табыс етілді. Аудандық аурухананың дәрігер анестезиолог- реаниматолог - Нұрханов Қалқаман Қайратбекұлы облыс әкімі Нұрлан Ұрханбаевтың Алғыс хатына ие болды. Сонымен қатар, бір топ медицина қызметкерлеріне аудан әкімінің, «AMANAT» партиясы Жарма аудандық филиалының Алғыс хаттары табыс етілді.

Қазақ халқында «Бірінші байлық -денсаулық» деген даналық сөздің мәні тереңде жатса керек, салауатты әрі бақытты өмірді дәрігердің көмегімен елестету мүмкін емес екені көбімізге аян. Салтанатты жиын соңында мереке иелерінің құрметіне орай аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары әсем әннен шашу шашып, өнерлерін тарту етті.

Кәусар Арықханқызы.

ЖАРМА АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІС БАСҚАРМАСЫ ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ 2023 ЖЫЛҒА КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНА САЛЫҚ ТӨЛЕУ МЕРЗІМІ 2024 ЖЫЛҒЫ 1 СӘУІРДЕ АЯҚТАЛҒАНЫН ХАБАРЛАЙДЫ

2024 жылғы 2 сәуірден бастап салық сомасын уақтылы төлемеген тұлғаларға жеке тұлғалардың салық берешегі туралы хабарламалар жіберілді. Жалпы Жарма ауданы бойынша 2024 жылғы 05 маусымдағы жағдай бойынша 496 салық төлеушіде жеке тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық бойынша берешек 9902 мың. теңгені құрады, оның ішінде берешектің негізгі сомасы – 8850,3 мың.теңге, өсімпұл- 1051,7мың. теңге. Салық сомасы туралы ақпаратты kgd.gov.kz web-порталдан "жеке тұлғалар үшін алдағы төлемдер" сервисінен білуге болады, сондай-ақ "e-Salyq Azamat" және "Каспи банк" АҚ және "Халық банк"АҚ екінші деңгейдегі банктерінің мобильді қосымшаларынан да білуге болады. 1 АЕК (3450 теңге) астам берешек сомасы бойынша хабарлама тапсырылғаннан кейін отыз жұмыс күнінен кейін жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрығы автоматты түрде қалыптастырылады және борышкерге жіберіледі. Салық бұйрығы тапсырғаннан кейін 5 жұмыс күнінен кейін берешек төленбеген жағдайда, жеке сот орындаушыларына мәжбүрлеп өндіріп алуға беріледі. Заңнамаға сәйкес сот орындаушылары банктік шоттар мен мүлікке тыйым салуға құқылы. Сондай-ақ, 40 АЕК-тен берешек сомасы кезінде ҚР-дан шығуға тыйым салынуы мүмкін. Бұдан басқа, жеке сот орындаушылары берешек сомасынан басқа берешек сомасының 25% - на дейінгі мөлшерде қосымша ақы өндіріп алады. Осылайша, артық шығындар мен өзекті мәселелерді болдырмау үшін, егер салық берешегі болса, жеке сот орындаушыларына өндіріп алуға салықтық бұйрық берілген сәтке дейін салық пен өсімпұлды төлеуді ұсынамыз.

Жарма ауданы бойынша Мемлекеттік кіріс басқармасы.

АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАР



Қаратөбе ауылдық кітапханада, әкімшілік, клубы бірлесіп Медицина қызметкерлері күніне орай "Ақ халатты абзал жандар" атты тақырыпта әңгіме-сұхбат өткізілді.

Дәрігер деген кең ұғым, қастерлі мамандық. Бұл мамандық иелерінің жауапкершілігі де мол, атқаратын жұмыстары да ауқымды. Қызығы мен шыжығы қатар жүретін осынау маңызды салаға бүкіл өмірін арнап келе жатқан абзал жандар қаншама.

Мерекелік шараға округ медбикерлері Қаратөбе ауылының медбикерлері Жадыра Касенова, Гүлмира Шорганова, Әди ауылының медбикесі Лияля Ибраева, Кентарлау ауылының медбикесі Рая Жұртубаева, округтің ардагер дәрігері Сәуле Бейсембаева, ардагер медбикелері Айгүл Азаматова, Райкүл Абишева, Айман Ануарбекова арнайы қонақ ретінде шақырылып, қатысты.

Округ әкімі Мирболат Тұяқбаев ақ халатты абзал жандарды кәсіби мерекелерімен құттықтап, құрмет грамотасымен, сыйлықтарымен марапаттады. Әңгіме-сұхбат іс-шарасына Д.Қалматайұлы атындағы орта мектебінің 6,7,9 -сынып оқушылары қатысты. Округтің ардагер дәрігерлеріне,

округ медбикелерге медицина саласында неше жыл еңбек еткені, мамандығын қалай таңдағаны, жұмыс барысында өте қызықты болған оқиғалары туралы оқушылар тарапынан сұрақтар қойылды.

Көп жылдары осы салада жұмыс істеген, ардагер, бас дәрігер Сәуле Уахитқызы өмірбаянына тоқталып, мамандығын қалай таңдап оқуға түскенін, еңбек өтіліндегі қызықты естеліктерімен бөлісті. Акушер медбикесі Гүлмира Сапатайқызы жұмысы барысында үй жағдайында неше сәби дүниеге келіп, кіндігін кескенін айтып берді. Медицина қызметкерлері іс-шара ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді. Округ кітапханашылары кітап көрмесін ұйымдастырып, қысқаша шолу жасады.

Келген қонақтар құрметіне ақ дастархан жайылып, ауылдың өнерпаздары әсем әннен шашу шашты.

*Назым Манжибаева,
Қаратөбе ауылдық
округінің кітапханашысы.*

ЖАРИЯ МҮДДЕЛІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ДЕПОЗИТАРИЙГЕ ТАПСЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Қаржылық есептілік-компанияның қызметі туралы қаржылық ақпаратты тіркейтін бухгалтерлік есептілік саласы. Қаржылық есептілік компанияның қаржылық жағдайы мен нәтижелерін анықтау үшін ғана емес, сонымен қатар келесі мақсаттар үшін де қажет:

- * бағалы қағаздарды сатып алу, сату және иелену
- * компания капиталына қатысу
- * компанияның басқару сапасын бағалау
- * компанияның өз міндеттемелерін уақтылы орындау қабілетін бағалау

Жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілік депозитарийі - жария мүдделі ұйымдар жыл сайын тапсырылатын қаржылық есептіліктің пайдаланушылар үшін ашық және қолжетімді электрондық дереккөрі болып табылады.

Депозитарий ұйымдардың қаржылық есептілігінің қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді, бұл олардың инвестициялық тартымдылығын арттырады, сондай-ақ пайдаланушылар негізделген экономикалық шешімдер қабылдай алатын ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметі туралы ақпараттың сапасы мен дұрыстығын арттыруға ықпал етеді.

Кез келген интернет пайдаланушысы әлемнің әр нүктесінен жария ұйымның қаржылық есептілігіне қол жетімді болу үшін қаржылық есептілік депозитарийге ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы № 94 бұйрығымен жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілігін депозитарийге тапсыру қағидалары бекітілді.

Ұйымдар жыл сайын есепті жылдан

кейінгі жылдың **31 тамызынан кешіктірмей** салалық заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген депозитарийді жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға уәкілеттік берілген ұйымға депозитарийдің интернет-ресурсы арқылы жылдық қаржылық есептілікті ұсынады.

Заңнамада қаржылық есептілік фактілерін бұрмалағаны үшін жауапкершілік қарастырылған-кәсіпорынға мемлекеттік билік органдарының өкілдері, акционерлер, кредиторлар және т. б. тарапынан белгілі бір санкциялар қолданылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасын бұзғаны үшін көрінеу анық емес қаржылық есептілікті ұсыну, қаржылық есептілікті ұсынудан бас тарту, белгіленген мерзімді бұза отырып ұсыну не оны құрылтай құжаттарына сәйкес ұйымдардың құрылтайшыларына (қатысушыларына) дәлелді себепсіз ұсынбау, тіркеу орны бойынша Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға, мемлекеттік бақылау органдарына және олардың құзыретіне сәйкес қадағалау, қаржылық есептілік депозитарийінде ҚР ӘҚБтК 239 бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Абай облысы бойынша жария мүдде ұйымының назарына!

Жоғарыда келтірілген жауапкершіліктің туындауын болдырмау үшін басшылардан қаржылық есептілік депозитарийіне есептіліктің уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етуді сұраймыз.

А.Қ.Құмарова, Абай облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің қаржылық есептілік бөлімінің басшысы.



«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» БАЙҚАУЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

Жарма ауданы, Белтерек ауылында тұратын Сылдырбаевтар отбасы – үлгілі, білімді,

ізденімпаз, еңбексүйгіш жанұя. Ұлттық өнерді, салт-дәстүрлерді, рухани құндылықтарды қадір тұтады. Үлкенінен бастап жасына дейін білімге, өнерге бейім жандар.

Отбасының үлкені Аманжол Сылдырбаев – әдебиетке, көркемөнерге жақын адам. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде, Астананың 20 жылдығы мен Жарма ауданының 90 жылдығына арналған «Өнерді серік еткен ардагерлер» атты көркемөнерпаздар байқауында «Көркемөнер шебері» номинациясымен марапатталған.

Ұлы Қанат Сылдырбаев - Белтерек ауылындағы Қажыкелді атындағы орта мектептің физика және информатика пәндерінің, келін Гүлнара Сылдырбаева – осы мектепте ағылшын тілі пәнінің мұғалімі. Ерлі-зайыптылар білім және тәрбие беру ісінде жақсы жетістіктерге қол жеткізуде.

Отбасында 5 бала – 3 ұл, 2 қыз тәрбиеленуде. Өнерлі жанұя түрлі отбасылық сайыстарға белсене қатынасып, жүлделі орындарға ие болуда. Халықаралық отбасы күніне, Қазақстандағы балалар жылына орай өткен облыстық «Үздік оқырмандар отбасы» байқауының аудандық кезеңінде Сылдырбаевтар отбасы ІІІ орынды иеленді.

Наурыз мейрамы аясында қазақ халқының мәдени мұрасын насихаттау, ата-ана мен бала арасындағы мейірімді қарым – қатынасты құрметтеу мақсатында өткен республикалық «Шымырлық пен шеберлік күні» байқауының аудандық кезеңінде «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» колөнер бағытында өзі бастап, жұбайы Гүлнара, 6 жасар ұлы Ерали, 5 жасар қызы Ақбота қатысып, ІІІ орынмен марапатталды.

Ауыл әкімінің ұйымдастыруымен өткен отбасы күніне орай «Толағай» атты спорттық жарыста отбасымен ІІ орын иеленді.

Отбасында балаларының білімдеріне көп көңіл бөліп, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіріп, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету жолында тәрбиелеуде. Балалары түрлі байқау-сайыстарда жақсы нәтижелерімен танылуда.

Ұлдары Аманжол Арман аудандық «Зерде» зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар конкурсында



І орын, облыстық интеллектуалдық «Тұлпар» конкурсында І орын иеленіп, 5-9 сыныптар арасында республикалық «Тарих ата» олимпиадасынан ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.

Республикалық «Лияс Жансүгіров» оқуларының облыстық кезеңінде «Лияс –эпик ақын» номинациясы бойынша І дәрежелі дипломға ие болды.

Нұрәли - Қазақстан Республикасының ауыл мектептерінің 5 және 6 сынып оқушылар арасында өткен «Мың бала» Ұлттық олимпиадасының екі мәрте жеңімпазы, жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың география пәнінен ІІІ орын иегері атанды.

Қыздары Данара – «Алаш ардақтысы», «Менің Мұқағалим» атты республикалық көркемөнер оқу байқауларының ағылшын тілі пәнінен халықаралық «British Bulldog» атты конкурсының І-орын иегері.

Кейінгі балаларының да алғашқы қадамдары қуантарлықтай. Ерали - бірінші сынып оқушыларының халықаралық күзгі сайысында, Ақбота - Халықаралық Тілашар байқауында І дәрежелі дипломдарға ие болды.

«Талаптыға нұр жауар», - дегендей, мерейлі отбасындағы қабілетті балалардың алдағы уақытта жоғары белестерді бағындыратынына сенім мол.

#Otbasym2024

ОТАНЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ ДАЙЫН, АҚЫЛДЫ, НАРАСАТТЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ШАҚЫРАМЫЗ!

*«Маяковский атындағы орта мектебі» КММ
2024-2025 оқу жылына «Жас Сарбаз» 5 және 8 қазақ
сыныбына қабылдайды.*

- 1 кезең
-қабылдау комиссиясының құжаттарды қарауы
- 2 кезең
-мектепте пәндер бойынша сынақтан өту.
Қазақ тілі-тест
Математика-тест
Дене шынықтыру-тартылу, 60 м жүгіру және
1000 м норматив бойынша, жас ерекшелігіне байланысты.
- 3 кезең
«Жас Сарбаз» сыныбына қабылдау комиссиясының шешімі

*1 кезеңге қатысу үшін төмендегі құжаттар қабылданады:
өтініш
медициналық тексеруден өткендігі туралы анықтама;
4-сынып, 7 – сынып бойынша үлгерім табелі;
Оқушының оқыған жерінен мінездеме.*

*Құжаттар көгілдір түсті пластикалық скороши-
вательде тапсырылады.*

*1 кезеңнен аяқталғаннан кейін мектеп директоры
2 кезеңнің өтілу мерзімін бекітеді.*

*Тест пен сынақтан өткен оқушылар «Жас Сар-
баз» сыныбына қабылданады.*

*Өтініштер 10 маусым - 10 тамыз аралығында
сағат 9:30 дан 14:00 2 қабат, № 201 кабинетте қа-
былданады. Байланыс телефондары: 8(723) 47-65-309*

*А.А.Траиспаева Директордың
оқу-тәрбие ісінің орынбасары*

АУДАНДЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ

ТІЛІСІЗ ЖАҒАУ АЛДЫН АЛМАҒАНДАРҒА ӨШІГЕДІ

Санақ бойынша тұрғын үй мен пәтерлердегі өрттің шығуына негізгі себеп немқұрайлылық. Сәби қолындағы сіріңке өте қауіпті. Өртейін деген бөтен ой жоқ балада. Тек тұтанған күкіртті қызық көреді. Апат айтып келмейтіні белгілі. Сапасыз электр желілерінен де өрт туындайды. Сондықтан өрт қауіпсіздігі талаптарына қажет деңгейде көңіл бөлінсе, оттан зардап шегетіндердің саны аз боларын тағы бір рет ескерткіміз келеді.

Тұрғын үй пәтерлері мен жатақхана бөлмелерінде жарылыс, өрт қауіпті заттар мен материалдар қолданылатын және сақталатын әр түрлі шеберханалық және қоймалық үй-жайларды орнатуға, сондай-ақ оларды басқа мақсаттағы үй-жайлар үшін жалға беруге жол берілмейді.

Пәтерлер мен тұрғын үй бөлмелерінде тыйым салынады:

- тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды, газ баллондарды балкондар мен лоджияларда сақтауға;
- төсек-орында шылым шегуге;

- балкондар мен лоджиялардан темекі тұқылын лақтыруға;

- плитада дайындалып жатқан тамақты қараусыз қалдыруға жол берілмейді.

Жатақханаларда темекі шегуге арналған орындар «Темекі шегуге арналған орын» деген жазумен, жанбайтын материалдардан жасалған урналармен немесе темекі тұқылын салғыштармен жабдықталады.

Газ өткізгіштерден, газ баллондардан және қатып қалған құбырларды қыздыру аспаптарынан, инженерлік коммуникациялардан газдың ағуын байқау үшін ашық отты пайдалануға жол берілмейді. Қатып қалған құбырларды, жабдықты инженерлік коммуникацияларды қыздыру ыстық сумен, бұмен және қызған құммен жүргізіледі.

